

ЖҰЛДЫЗДЫ АСПАН

Сабиrow Алихан

Тілеуқабьл Нұртілеу

Жұлдызды аспан

Жұлдызды Аспан – аспан күмбезінде түнде көрінетін шырақтардың жиынтығы. Түнде жай көзбен аспан сферасының жартысынан, ауа райы жақсы жағдайда, бір мезгілде 2,5 мыңдай жұлдызды (6-жұлдыздық шамаға дейін) көруге болады. Олардың көбісі Құс жолы жолағының маңына орналасқан



- Бағдарлауға қолайлы болу үшін Жұлдызды аспан, шартты түрде, шоқжұлдыздарға (жалпы саны 88) бөлінген. Жұлдыздарды адамдар ежелден-ақ басты-басты шоқжұлдыздар мен зодиактік жұлдыздарға ажыратқан. Шоқжұлдыздардың атаулары ежелгі гректер мен римдіктердің мифологиясынан алынған (мысалы, Андромеда, Персей, Дельфин, т.б.) немесе егін, мал, аң шаруашылығына (мысалы, Сиыршы, Балықтар, Қоян, т.б.) байланысты қойылған. Мысалы, Геркулес пішіні біртізесін бүккен адамға, Торпақ (көне түркі тілінде Үді)-бұқаның мүйізіне, Аққу мен бүркіт - қанатын жая самғап ұшқан құстарға ұқсайды. Сондай-ақ Қарақұрт, Жылан, Сужылан т.б. шоқжұлдыздарының атаулары олардың бейнелерінің өздері аттас жәндіктерге айна-қатесіз ұқсауынан туындаған. Сонымен қатар қайсыбір шоқжұлдыз атауларының мәні де бар. Мысалы, Таразы (Өлкі) шоқжұлдызының атауы күзгі күн мен түннің теңелуі кезінде Күннің осы шоқжұлдызда (осыдан 2000 жыл бұрын) орналасуынан туған. Шоқжұлдыздар қатарында аңыздарда кездесетін кейіпкерлер мен жануарлар да баршылық. Мысалы, Персей №Кауыс-Мерген(Жақ), Айдаһар, Кентавр және т.б.

Үлкен аю шоқжұлдызы

Үлкен аю шоқжұлдызы — Солтүстік жартышардың 40° солтүстігіндегі аспанында жылдың барлық мезгілінде көруге болатын жұлдыздар шоғыры



ҮЛКЕН АЮ ШОҚЖҰЛДЫЗЫ

- Ол солтүстік жартышар аспанының 1280 шаршы градусын қамтиды. Аталған шоқжұлдыздың жай көзбен 125 жұлдызын көруге болады. Онда 1-4 дәрежеге дейінгі 20 жұлдыз, 5 дәрежелі 2 жұлдыз, 7 дәрежелі 3 жұлдыз, 8 дәрежелі 4 жұлдыз бар. Гидра шоқжұлдызы мен Бикеш шоқжұлдызынан кейінгі аспандағы үшінші ең үлкен шоқжұлдыз есептеледі. Үлкен аю шоқжұлдызындағы ең көрнекі жұлдыз әйгілі Темірқазық жұлдызын айналып жүрген Жетіқарақшы жеті жұлдызы. Ежелгі заман мәдениеттерінің көбі бұл шоқжұлдызды аюға ұқсатқан екен. Ал, Мысырлықтар оны бұқаға ұқсатқан.
- Үлкен аю шоқжұлдызында жұртқа өте танымал Жетіқарақшы жұлдызы орналасқан. Олар аталған шоқжұлдыздағы біршама жарық жұлдыздардан құралғандықтап, шөмішке ұқсайтын пішіні де Аюға ұқсайтын пішініне қарағанда өте айқын болғандықтан аталған шоқжұлдыздан дербес те қарастырыла береді.
- Үлкен аю шоқжұлдызы грек астрономы Птоломей жазып қалдырған әйгілі 48 шоқжұлдызының бірі есептеледі